

Дүйсенбекова Н.Г., Академик Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шет тілдер факультеті, КАус - 11 тобының студенті
(Ғылыми жетекші – философия докторы (PhD), доцент Жуманова А.З.)

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАСЫ

Биыл ұлы ойшыл, шығыстың Аристотелі атанған, атақты жерлесіміз Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толады.

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келді. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдете түсті. 950 жылы Дамшық қаласында дүниеден озды.

Әл-Фараби Аристотельден кейінгі дүние жүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым, астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғаттану, социология, лингвистика, поэзия, риторика, философия ғылымдарын меңгеріп, 200-ге жуық трактаттар жазған. Өкінішке қарай, осынау ұшан-теңіз рухани туындылардың көбісі жоғалып, біздің заманымызға тек 40 шақты еңбегі ғана жеткен. Азияның ұлы ғалымдары мен ойшылдары Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Беруни, Бозжани, Омар Хаям және т.б. өздерін Әбу Насыр әл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Әбу Әли ибн Сина: «Бұрын еш түсіне алмай жүрген грек метафизикасын толығымен осы әл-Фарабидің кітабын оқып түсіндім» деген екен.

Әл-Фараби «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» тектес трактаттары арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Ол ежелгі заман ойшылдары Аристотель, Платон, Гален шығармаларына терең талдаулар, түсініктемелер жазды. Әл-Фараби сонымен бірге әлеуметтік-қоғамдық және этика саласына да қалам тербеген. Мысалы, «Бақытқа жету жайында» деген еңбегінде «оның бірден-бір жолы – ғылымды, білімді игеруде» деп насихат айтады. Ал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бір-қатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәсе-лелерге талдау жасалынды. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Бабамыздың бұл шығармасындағы мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал-қала халқының моральдық бейнесі, қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтылған пайым-пікірлері бүгінгі күнге дейін өзекті.

Бұл ұлы ғұламаның мерейтойы қарсаңындағы үлкен бір игілікті іс болар еді.

Әл-Фарабидің әлем өркениетінде алар орнына тоқталмас бұрын, ғылымдағы әл-Фарабиге қатысты түрлі көзқарастарға тоқтала кетейік. Кейбір еуропашыл ғалымдар “Әл-Фараби ешқандай жаңалық ашқан жоқ, ол тек Платон мен Аристотельдің мұраларын насихаттап, түсіндіріп келді” – деп есептейді. Антика дәуіріндегі ғұлама ойшылдар Платон мен Аристотель – бүкіләлемдік мәдениеттің ең жоғарғы шыңы. Әл-Фараби осы антикалық мұраны игеріп, оны араб-мұсылман мәдениетінің гүлденуіне жұмсап, үлкен екі жаңалық ашты.

Біріншіден, әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Келесі кезекте ол грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты.

Әл-Фарабидің мұрасы ғылымның әр түрлі саласына қатысты еңбектерден тұрады. Сондықтан да ол – әлемдік деңгейдегі философ, ойшыл. Әл-Фараби дүниетанымының қайнар көзі өте тереңде. Себебі, қазақ даласында оған дейін де ғұлама ойшылдар көп болған. Мысалы, гректерді өнерімен тәнті еткен, аузымен құс тістеген шешен Анахаристің өзі бір төбе болса, Тоқсары, Тоныкөк, қобызымен кең дүниені күңіреткен Қорқыт Ата және басқа да ойшыл данышпандар болған. Осының бәрі – ғұлама ғалымның бастау алған қайнар көздері. Осы орайда, Платон мен Аристотельді атап өткен жөн. Әл-Фараби олардың ғылыми мұрасын оқып қана қоймай, әрі қарай жалғастыра зерттеп, дамытқан. Әл-Фараби тағылым алған дүниелер өте мол. Солардың бірі ежелгі «Авеста» мен Құранды атап өтпеуге бола ма? Әл-Фарабидің рухани толысуына Құранның игі әсері көп болған. Кеңес дәуірінде әл-Фараби мұрасын аударғанда

исламға қатысты жағын кесіп тастап, көбіне материалистік, атеистік жағына мән беріп, ислам руханияты, ислам мәдениеті мен антикалық мәдениетті синтездеу жағына ешқандай мән бермеген.

Әл-Фарабидің ашқан ең үлкен жаңалығы – антикалық мұра мен исламды біріктіре мәдениет жасауында. Сондықтан әл-Фарабидің қайнар көздерін айтқанда міндетті түрде тек шығыс пен батыс, гректің ғана емес, оның қазақтың құнарлы топырағынан түлеп ұшып, Отырар өркениетінен нәр алғанын ұмытпауымыз керек. Әл-Фараби араб елінде аты шығып, «Шығыстың Аристотелі» атанып, артында мол мұра қалдырған. Сөйтіп сексен жасқа келгенде өмірмен қоштасады. Ол: “Мен Қыпшақ елінен ешқандай атақ-даңқ іздеп келген жоқпын. Мен білім іздеп келдім, сол білімді араб елінен таптым, бірақ менің Қыпшақ еліне сүйіспеншілігім шексіз”, - деп өзінің туған жерге деген сағынышын өлеңге түсірген. Ол керемет өлең де айтқан, қобызда да ойнаған. Қобыз аспабын жасап, күй тартқан Қорқыт Ата дейміз. Шын мәнінде Қорқыт Атадан кейін әл-Фараби де қобызды дамытып, оның құлағында ойнаған ойшыл, көп тілде сөйлеген ғұлама адам болған. Әл-Фараби – қазақ өркениетінің, музыка философиясының негізін қалаған үлкен ойшыл. Бірақ ол – тек қазақтың ғана емес, қазақ халқы қалыптаса қоймаған кезеңде өмір сүргендіктен, бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға. Әл-Фараби мұрасы түркі халықтарын біріктіретін рухани негіз деп айтуға болады[1].

Орта ғасырда энциклопедияшы оқымысты әл-Фарабидей ғалым болмаған. 1980 жылдардан бастап фарабитану атты жаңа бағыт пайда болды. Әлемдік және отандық фарабитану деген бар. Әл-Фараби шетелге емес, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік мүддесі мен ұлттық ұстанымы үшін қызмет етуі керек. Сондықтан әл-Фарабидің ғылыми – философиялық мұрасын өзіміз ғана біліп қоймай, жас ұрпақтың санасына сіңіруіміз қажет. Әл-Фарабидің мұрасы, әл-Фараби әлемі туралы білетініміз аз. Оның құпиясы әлі толық ашылған жоқ. Ол-әлем халықтарын біріктіретін тұлға. Әл-Фарабиді хан тұтатын үш мемлекет бар. Біріншісі – Иран (олар әл-Фараби бізден шыққан дейді), екіншісі – Қазақстан (әл-Фараби халқымыздың этногенезінің негізінде жатыр, ол Отырардан шыққан), үшіншісі – Араб елі, Мысыр мен Сирия және басқа да мұсылман елдері әл-Фарабиді айрықша қастерлейді. Әл-Фараби мұрасын мектептерде пән ретінде оқытып, жоғары оқу орындарында арнайы курстар немесе жеке пән ретінде жүргізген дұрыс деп ойлаймын.

Оның ұлы миссиясы - Шығыс пен Батысты біріктіру. Әр түрлі дін өкілдері әл-Фарабидің ұстаздары мен оның ізбасарларының арасында болды. Әйгілі еврей философы Мұса Маймонид әл-Фарабиді жоғары бағалады. Ол әл-Фараби сияқты философия интеллектуалдық және адамгершілік жетілуге жетелейді деп сенді. Бұл туралы раввиндердің біріне айтқан кезде, ол жай ренжиді, өйткені бұл басқа уақыт еді! Ия, бұл тағы бір уақыт, тағы бір ғасыр болды, бірақ Маймонидтердің әл-Фарабиге деген құштарлық сөздері жақсы жазылған. Еврей философтарының араб философиясын, оның ішінде әл-Фараби шығармаларын терең зерттегені белгілі. Әл-Фарабидің кейбір еңбектері еврей жазуын қолдана отырып, арабша жазылған қолжазбаларда сақталған[2].

Ал ғұламаның поэтика саласында біршама еңбек сіңіргенін көбісі біле бермейді. Ғалымның әдебиет теориясына арнаған «Өлең кітабы» атты еңбегінде өлең жазу ісіне қойылатын шарттарға тоқтала келе, ішкі терең мағынаға сыртқы пішін, яғни сұлу ұйқас үндесіп келгенде ғана әсем жыр туындайтынын айтады.

Әл-Фараби өз заманында дарынды ақын болған. Халық аузында сақталған мына өлеңінде ол өмір жолы туралы:

Кешір мені, туған жер, сені артқа тастадым.

Кешір мені, туған ел, жолды алысқа бастадым.

Кешір мені, ұлыс -ұрпағым, бақ, байлық, даңқ таппадым.

Кешір мені, ар-ұжданым, білім болды баққаным, – деп тебіренеді[3].

Ал Фараби ұғымында өлең еліктеу, яғни образ тудыра алса ғана – өлең, тудыра алмаса, өлең емес.

Әл-Фараби осы поэтика жайлы ізденіс жасап, бірер сөз қалдырған еңбектерінің бірі ол “Ғылымдардың жіктелуі туралы трактатында” яғни «Логика» ғылымының сегізінші бөлімі ретінде поэтика аталады: “Логиканың бұл бөлімі поэзияны талдау қағидаларын, кең таралған поэтикалық пайымдаулар мен өнердің өзге де салаларында қолданылатын пайымдау түрлерін қамтиды. Сондай-ақ ол өлең өнерінің барлық заңдылықтарын бүге-шігесіне дейін сипаттайды, өлеңнің, поэтикалық пайымдаудың түрлерін, олардың ерекшеліктерін, жасалу жолдарын,

көркемдікке, шеберлікке, биік сапаға қол жеткізу әдістерін ашып көрсетеді” деп тұжырымдаған болатын ғалым.

Өкінішке қарай, ұлы ой-шылдың поэзиялық мұрасы біздің дәуірі-мізге дейін толық сақталмаған, мүмкін әлі толық ізделініп зерттелмеген де шығар. Әйт-се де бізге жеткен аз ғана жыр жолдарынан оның зор шабытты, кең тынысты, терең ой-лы, нәзік сезімді ақын екенін аңғарамыз. Әл-Фараби бабамыз ән-күй шығаратын композитор, музыка зерттеушісі, музыкалық аспаптарда шебер орындаушы болды. Ол музыка теориясы мен тарихы жөнінде «Му-зы-каның ұлы кітабы» атты еңбек жазды. Бабамыз шығарған әндерді зерттеп, іздеп, тауып, туған еліне әкеліп, қазақша мәтін жазып, халық арасына таратылса, оның өзі келер ұрпаққа баға жетпес мұра болушы еді.

Ендігі бірер сөз Фараби шығармашылығының ашылмай жатқан бір қыры – күйшілік өнері туралы. Ғұламаның күйшілік дарыны ол дүниеге келген қыпшақ даласында да, шығармашылық із қалдырған араб жерінде де аңызға айналған. “Музыканың ұлы кітабын” жазған ғалымның әуен әлеміне алғашқы қадамы да туған топырағынан басталғанына күмән жоқ. “VII–X ғасырларда оғыз-қыпшақ дәуірі әдебиет, музыка (күй), философия, өнершіліктің өркендеген бір сәулетті кезі болса, Қорқыт, әл-Фараби сияқты генийлер – соларды жасаушылардың ұлы басы” деп жазады көрнекті әдебиет зерттеушісі Ә.Марғұлан. “Қобызымен ескі дүниені күңіреткен Әбу Насыр әл-Фараби Қорқыттың ізін ала шыққан, соның шәкірттерінің бірі болуға тиісті. Арун-Рашид (халиф Харун ар-Рашид – А.Ә.) заманында әл-Фараби күйшіні Жанкенттен Бағдатқа алдырып, Бағдат халқы Фарабидің сұлу күйін тыңдайды” дей келіп, автор Фарабидің араб жұртына келуін осы оқиғамен байланыстырады. Алайда аңызға бергісіз бұл мәліметтің дереккөзіне сілтеме жасалмаған. Айтылғандардан аңғаратынымыздай, даңқты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығының өскен өлкесінің дәстүрімен табиғи тамырласып жатқан кез келген қыры – ғылыми еңбектері, ақындық мұрасы мен күйшілік өнері осы сабақтастық тұрғысынан тереңдете зерттелуге тиіс[4].

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,

Сан мәртебе алдаса да өзіңді.

Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,

Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған (Аударған А. Нысаналин), - дей келе осы шумақтан әл-Фарабидің ақындық тұғырының биік болғандығын толық дәлелдей аламыз.

Әрине, әл-Фараби өмір сүрген дәуірде үлкен ғалымдардың өлең де жазуы өзінше бір әдетке айналып кеткен салт, дәстүр болған. Мәселен, Фарабидің замандасы, ұлы ғалым, медицина ғылымының негізін қалаушылардың бірі Әбу Әли ибн Сина, энциклопедист- ғалым Бируни, ұлы математик әл-Хорезми т. б. кезінде аз- ды-көпті өлең-жыр жазумен де айналысқан. Бірақ орта ғасырдың әдебиет зерттеушілері мен тарихшылары поэзия мәселесін сөз еткенде көбінесе дерлік әл-Фарабидің есімін қайталап отырады. Өкінішке орай, Фарабидің поэзиялық мұрасы біздің дәуірімізге дейін толық сақталмады. Әйтсе де саусақпен санарлықтай азғана жыр жолдарының өзінен оның зор шабытты, кең тынысты, терең ойлы, нәзік сезімді, дарынды ақын болғанын аңғару қиын емес.

Қорытындылай келе, бізді әл-Фараби неге сонша қызықтырды? Мен жаңа нәрсе тапқым келді ме?

Әль- Фараби – әлі де сыры толығымен ашылмаған сыр сандық іспетес; біздіңше, әл-Фараби сол дәуірді түсінудің кілті. Сондықтан да, кішкене болса да, ғұлама ғалым өмір сүрген ғасырға аз уақыт болса да еніп, зерттеу, кімге де болсын толғандырарлық, өте қызықты. Философ ғалым қарапайым болмағаны белгілі, бірақ таңқаларлық және қызықты нәрселерді ашатын құпияның сыры, өйткені Отырар ғалымы ақыл мен тілдің ілімі болып табылатын музыка мен логика, космология және метафизиканың жаңа бағыттарын аша білді. Айта берсек, сарқылмай тұғын бұлақ секілді маржан сөздермен бұрымын келтіріп дана да дара тұлға Әль-Фараби өнегелері туралы айта беруге болады. Оның бәрін тізе берген де дұрыс, алайда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші, бұл тақырыпты зерттеуде біз ғалымның поэзия, поэтика бағытына қатты болмаса да, көңіл бөлген болатынбыз. Сонымен қатар, бірқатар шығармаларына да тоқтала кеттік. Дегенмен, шын мәнісінде Әль- Фарабиді барлығымыз философ, метафизик, «екінші ұстаз» атанған энциклопедист- ғалым екенін білеміз, алайда ол кісінің поэзияға қосқан үлесінен көбісінің хабары жоғы рас. Сондықтан да, осы салада, яғни Фарабитанушы ғалымдардың мардымсыз зерттеулері нәтижесінде өскелең ұрпақ Фараби жайлы өнеге- біліммен сусындап өспекші!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова Л.Ж. Ұлы даланың ұлық тұлғасы: әл – Фараби //Білімді ел қоғамдық- саяси газеті. – 2019 – 22 желтоқсан.
2. Айтаханов Қ. Әль- Фараби жылын атап өтсек // Егемен Қазақстан газеті. - 2018 жыл 17 шілде.
3. Брусиловская Е. Әл-Фараби Ислам алтын ғасырының символы // «The Astana times». - 2014 жыл 27 мамыр.
4. Әбдірәсілқызы А. Әбу Насыр Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы // <https://kazislam.kz/abu-nasyr-al-farabidi-adebi-ylymi-m-rasy/?lang=ru>

Ермекова Д.К., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ИО-21к, студент
(Ғылыми жетекшісі: Муратова М.Б., г.ғ.м., оқытушы)

МӘДЕНИ МҰРА ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ БІРІ – АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ

Халықтың тарихи естелігі – ғасырлар бойы мәдени мұраға салынатын, барлық адамзат өркениетінің мәдени топтарын, халықтың, ұлттың, этностың өзін сақтап қалудың негізі болып қалу факторы болып табылады. Мәдени мұра өркениетті қоғамның ең маңызды себебі болып табылады, ол өзіндік рухани – өнегелілік пен материалдық құндылықтардан тұрып, ол бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жай өтіп ғана қоймай, оларды жоғалтып алмас үшін, ұлттық, мемлекеттік масштабтағы үлкен күш пен құралдарды салуды талап етеді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: тарих және археология ескерткіштерін жүйелендіру, сақтау және қалпына келтіру.

Қазақстанның тарихи – мәдени мұрасы мен ұлттық бірлік нышаны ретінде қоғамдық өмірде ерекше маңызға ие киелі орындар бар. Олар – халық арасында ерекше құрметке ие мәдени мұра ескерткіштері. Атап айтсақ, зайырлы және діни сәулет өнері нысандары, табиғи ландшафт ескерткіштері, сонымен қатар, маңызды тарихи оқиғалармен тығыз байланысқан тарихи құндылыққа айналған нысандар бар. Барлығын тізіп шығу мүмкін емес шығар, сірә. Себебі, елімізде тұратын әр ұлыс үшін, тіпті, әр адам үшін аса құнды, ерекше ілтипатпенен қабылданатын нысандар мен орындар баршылық. Сол ескерткіштердің бірі – Айша Бибі мазары.

Сонау орта ғасырларда елі мен жерін жау найзасынан қорғаған Қарахан есімді батыр өмір сүрген екен. Талай алыпты тағынан түсіріп, қарсыласының алдында тайсалмаған Қарахан батыр қас жауының қызына ғашық болады. Көп ұзамай қыз әкесінің бұл некеге қарсы болатынын білген соң сүйгенін алып қашуға бел буады. Екі жастың қол ұстасып қашып кеткенін білген әкесі сарбаздарына оларды өлтіруді бұйырады. Қуған нөкерлерден қашамыз деп ғашықтар ұзақ жол жүреді. Арада біраз уақыт өткен соң тоқтаусыз шапқылай беруден шаршаған ару Асу атты өзеннің жағасында аялдауды ұсынады. Хан жарлығын бұлжытпай орындауды жөн көрген сарбаздар Қарахан мен Айша бибіні көре салысымен қыздың сәукелесіне жылан салып қояды. Бақыттың құшағында жүрген ғашықтар мұны байқамай қалады. Жылы суға рахаттанып түсіп шығып, Айша бибі киіне бастайды. Ақырында сәукелесін кие берген кезде жылан шағып алады. Осы сәтте ғашығының қолында мерт болып бара жатқанын көрген Қарахан алай – дүлей күйге түсіп, мына өмірден баз кешеді. «Бұл жалғанда бірге болу бұйырмаса да, о дүниеде жұбымыз жазылмасын» деп сүйгенін жақын маңдағы молдаға алып барады. Жас жігіттің Мәжнүңдей қайысқанын көрген молда ғашықтарға батасын беріп, некесін қияды. Бейкүнә екі жастың отбасылық бақыты небары бірнеше минутқа созылады. Даналардың «Шын ғашықтар қосылмайды» деген сөзі бекер айтылмаса керек. Ешбір жауының алдында иілмеген батыр тағдырдың алдында бас иіп, Айша бибі қайтыс болған жерге мазар тұрғызады. Қарахан батыр сүйгенінің жанында болу үшін Айша бибінің қасынан өзіне де мазар салдырады. Өмірінің соңына дейін ақ киім киіп, Айша бибі мазарында түнейді. Жаратқанға жалбарынып, кешірім сұрайды. Осы адалдығы үшін халық оны есінде сақтаған. Ал бұл жер «Әулие ата» деп аталып кеткен. Айша бибі кесенесі XII ғасырда Жамбыл облысы Жамбыл ауданында Тараз қаласынан 18 шақырым жерде тұрғызылды. Қазір мемлекеттік дәрежедегі архитектуралық ескерткіш. Кесенені өңдеу үшін Қазақстанның ертеректегі андрон, сақ тайпаларының геометриялық, зооморфты мотиві бар ою – өрнектері пайдаланылған. Төрт бұрышында батпан тіреуіші бар. Оның қалай салынғандығы жайлы тарихта нақты деректер жоқ. Алайда, халқымызда Айша бибінің сүйген жігітіне деген махаббатын баяндайтын аңыз